

2013 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың нысаналы топтарын анықтау және қосымша тізімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев атындағы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 19 желтоқсандағы N 574 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 қаңтарда N 2093 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 2014 жылғы 6 қаңтардағы N 10.1.5-7/9 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 06.01.2014 N 10.1.5 - 7 / 9 х а т ы) .

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық әкімдігінің 2013.10.10 N 379 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Қ а у л ы с ы м е н .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2013 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтары анықталсын:

- 1) та бы сы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп ба л а л ы ата - а н а л а р ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;

8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан
б о с а т ы л ғ а н а д а м д а р ;
10) о р а л м а н д а р ;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын
б і т і р у ш і л е р ;

12) жұмыс беруші - заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші - жеке
тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының
қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының аумағында
халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізімі белгіленсін
:

1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

2) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;

3) он екі ай және одан артық жұмыс істемеген тұлғалар;

4) Семей сынақ ядролық полигонында жүргізілген сынақтардың нәтижесінде
зардап шеккен тұлғалар, Чернобыль атомдық электр стансасындағы аппаратты
ж о ю ғ а қ а т ы с қ а н д а р ;

5) отбасында жұмыс істейтіндер жоқ тұлғалар.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан
Жұмабаев ауданы әкімінің орынбасары Ж.Т. Есдәулетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн
ө т к е н с о ң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

*Солтүстік Қазақстан облысы
Мағжан Жұмабаев ауданының В. Бубенко*

әкімі